

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Медицина факультеті

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

№2 ХАТТАМАСЫ

29.12.2025 ж.

Түркістан қ., 2-корпус, 426 каб.

Катысқандар: комиссия төрағасы PhD, қауымдастырылған профессор м.а. Е.Ғ.Саруаров, комиссия мүшелері: м.ғ.д., профессор И.А.Ишигов; PhD, аға оқытушы К.Ж.Рыскелдиева, магистр оқытушы Д.Шалапов, ДҚДС-201 тобының докторанты Ж.Накипова, ММ-212 тобының студенті А.Избасар, әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері М. Шалтаева, магистр оқытушы Д. Азизходжаева.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Білім алушылардың ББ оқыту нәтижелеріне жетуін қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізу.
2. Әр түрлі мәселелер.

1-ші сұрақ бойынша: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Саруаров Е.Ғ. сөз алып, күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша факультетте құрастырылған силлабустарының білім алушылардың ББ оқыту нәтижелеріне жетуіне қаншалықты көмектесетінін анықтауға мониторинг жүргізілгендігін баян етті. Мониторинг барысында оқытушы-профессор құрамының дайындалған силлабустарына талдау жүргізілген. 2024-2025 оқу жылынан бастап Үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламасының (ҮИМБ) енгізілуіне байланысты 1-3 курста оқытылатын 17 модуль бойынша (1-кесте) силлабустар дайындалған.

Әр модульге 2-ден 6-ға дейін пән кіреді. Барлық модульдердің силлабустарында білім беру бағдарламасындағы оқытудың соңғы нәтижелері және модульдердің оқыту нәтижелері жалпы: БМ1-Әлеуметтік ортада адамды қалыптастыру және анықтау қабілеті және кәсіби құзыреттерін: БМ2-Медициналық білім; БМ3-Коммуникациялар; БМ4-Клиникалық дағдылар; БМ5- Кәсібилік; БМ6- Жеке және кәсіби даму; БМ7- Нормативтік құқықтық білім; БМ8 - Зерттеу; БМ9 - Көшбасшы дамуына бағытталған. Әр модульдің силлабусында модульдің сипаттамасы және оқыту нәтижелері көрсетілген. Модульдің оқыту нәтижелері үш домен бойынша сипатталады: білім (когнитивті домен); дағдылар (психомоторлы домен) және қарым-қатынас/мінез-құлық (аффективті домен).

1-кесте. 1-3 курста оқытылатын 17 модуль бойынша ақпарат

№	Модульдің аты	Курс
1.	Медицинаға кіріспе	1
2.	Молекулалардан жасушаға	1
3.	Жасуша биологиясы	1
4.	Тін биологиясы	1
5.	Тін және тірек-қимыл жүйесі	1
6.	Неврологиялық білімдер (қалыпты)	2
7.	Тыныс алу және қан айналу жүйесі (қалыпты)	2
8.	Асқорыту жүйесі және метаболизмі	2
9.	Эндокриндік және несеп-жыныс жүйесі (қалыпты)	2
10.	Жасуша мен тін зақымдануы және фармакология негіздері	2
11.	Қоғамдық денсаулық сақтау /жұқпалы аурулардың жүйелік механизм	3
12.	Неоплазия және гемопэтикалық жүйе	3
13.	Тыныс алу және қан айналу жүйесі(патология)	3
14.	Асқорыту жүйесі (патология)	3
15.	Эндокриндік және несеп-жыныс жүйесі (патология)	3
16.	Жүйке жүйесі және психиатрия	3
17.	Тері -тірек қимыл жүйесі	3

Келесі сөзді Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының мүшесі Рыскелдиева К.Ж. алды: силлабустардың құрылымы 6B10188-Медицина, 6B10155-Жалпы медицина білім беру бағдарламаларының күтілетін оқыту нәтижелерімен және университет мақсатымен, миссиясымен және құндылықтарымен байланысы бар екендігін сөзге тиек етті. Модульдердің оқыту нәтижелері білім алушыларға бағытталған, Дублин дескрипторларына сәйкес және Блум таксономиясы негізінде әзірленген деп қорытынды шығаруға болады. Силлабустарда көрсетілген оқыту әдістері және бағалау критерийлері білім алушылардың соңғы оқыту нәтижелеріне жету дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді. Мониторинг жүргізу барысында әр кафедраның меңгерушісі білім беру бағдарламаларындағы жалпы және кәсіби құзыреттер бойынша оқыту нәтижелеріне мониторинг жүргізілгендігін айтты. Білім беру бағдарламаларындағы модульдердің оқыту нәтижелері ББ оқыту нәтижелерімен тығыз байланыста қарастырылғандықтан, модульдің ішіндегі әрбір пәнді игеру арқылы білім алушы ББ оқыту нәтижесіне қол жеткізетіндігін айтып өтті. Кафедра меңгерушілері барлық ББ оқыту нәтижелеріне мониторинг және талдау жұмыстарын жүргізіліп жатқаны туралы айтып өтті, сонымен қатар факультеттің Академиялық комитеті, оқу-әдістемелік кеңесімен бірге жұмыс жүргізілуде.

Шешімі: Білім алушылардың ББ оқыту нәтижелеріне жетуін қамтамасыз етілуі мониторингін жүргізу ұдайы бақылансын.

Мәжіліс төрағасы:

Мәжіліс хатшысы:

Е. Саруаров

Д. Азизходжаева